

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің
«Естай атындағы жалпы орта білім беру
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Өзін-өзі аттестаттау қорытындысының құжаттары

2024-2025 оқу жылы

Мазмұны

1. 2024 жылғы 05 қыркүйектегі «Өзін-өзі аттестаттауды өткізу» бұйрығы

2. Құқықтық құжаттардың көшірмесі:

1) Жалпы орта білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға шектеусіз мерзімге мемлекеттік лицензия.

2) Мемлекеттік мекемесінің жарғысы.

3) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

4) Шектеусіз мерзімге жерді қолдану құқығы актісі.

5) Медициналық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия.

6) Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама.

7) Статистикалық карточка.

8) ҚР салық төлеушісінің куәлігі.

3. 2024 жылғы 5 қыркүйектегі №2 педагогикалық кенестің көшірмесі.

4. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің өзін-өзі аттестаттауға дайындық жоспары.

5. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің жалпы мінездемесі.

6. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің кадрлар құрамын тексеру қорытындысы.

7. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің оқушылар контингентінің сапасын тексеру анықтамасы.

8. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің оқу әдістемелік жұмысының сараптамасы.

9. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие жұмысының сараптамасы.

10. Мектептің оқу-материалдық базасы

11. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің ақпараттық ресурстарын қолдану деңгейінің сараптамасы.

12. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің білім сапасын тексеру анықтамасы.

13. Өзін-өзі бағалау есебі.

14. Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің тексеріс барысында болған олқылықтарды жою жоспары.

15. Есепке қосымша III-1-7 формасы.

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің
«Естай атындағы жалпы орта білім беру
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
№ 2 педагогикалық кеңестің хаттамасынан көшірме

Қатысқандар : 29
Қатыспағандар:жок

2024 жыл 5 қыркүйек

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін- өзі бағалау бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру, іс- шараларын белгілеу.
Павлодар облысы білім беру ұйымдарында 2024 - 2025 оқу жылы мемлекеттік аттестацияны өткізу кестесі негізінде, мектеп директорының м.а. Марденова Шынар Азатовна сөз сөйледі. Мемлекеттік аттестацияны өткізу алдында өзін- өзі бағалау материалдары жинақталатыны түсіндірілді.

Қаулы етті:

1. 2024 жылдың 5 қыркүйек 2024 жылдың 20 қазан аралығында мектепте өздік аттестация өткізілсін.
2. Мектептің өзін -өзі аттестаттау бағдарламасы бекітілсін.
3. Оқу және тәрбие ісінің орынбасарларының әкімшілік басқарма лауазымдарының қызметтік міндеттері негізінде тексеру жұмыстары жүргізіліп, қорытынды анықтамалары кезекті педагогикалық кеңесте тыңдалсын.

Мектеп директорының м.а.  Ш.Марденова

Хатшы :



Г.Елеукенова



Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің
«Естай атындағы жалпы орта білім беру
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
№ 3 педагогикалық кеңестің хаттамасынан көшірме

2024 жыл 28 қазан

Қатысқандар : 29

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

Мектептің өзін-өзі бағалау бойынша жүргізілген жұмыстарының қорытындысымен таныстыру. Павлодар облысы білім беру ұйымдарында 2023 жылы мемлекеттік аттестацияны өткізу кестесі негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 26 шілдедегі №366 бұйрығын орындау үшін өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы мектеп директоры Шынар Марденова сөз сөйледі. Мемлекеттік аттестацияны өткізу алдында өзін-өзі бағалау материалдары әкімшілік тарапынан сараптамалық, жинақталғаны туралы толық мәлімет берілді.

Қаулы етті:

1. Мектептің өзін-өзі аттестаттау қорытындысы бойынша әкімшілік тарапынан берілген ұсыныстар мен ескертулер назарға алынып түзетілсін.
2. Оқу және тәрбие ісінің орынбасарлары мұғалімдердің түзету жұмыстарын қадағалап, тексеріске ынғайласын.
3. Мектептің өзін-өзі аттестаттау бағдарламасы толығымен жүзеге асырылсын.

Мектеп директорының м.а.



Ш.Марденова Ш.Марденова

Хатшы :

Г.Елеуменова

Г.Елеуменова

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің
«Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі аттестаттаудан өткізу
бойынша іс-шаралар жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №214 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығымен таныстыру.	05.09.2024	Ш.Марденова
2	Педагогикалық ұжымды мектептің өзін- өзі аттестаттау бойынша комиссия құру туралы бұйрықпен таныстыру	05.09.2024	Ш.Марденова
3	Өзін- өзі аттестаттау бойынша іс -шаралар жоспарын құру.	05.09.2024	Ш.Марденова
4	Қатаң есепке алынатын құжаттардың жүргізілуі	05.09 -20.10.2024	Ж.Макенова
5	Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	05.09 -20.10.2024	Ш.Марденова
6	Кадрлық құрамын талдау	05.09 -20.10.2024	Б.Ахметниязова
7	Білім алушылардың континенті	05.09 -20.10.2024	Б.Ахметниязова
8	«Дарынды балалармен» бағдарламасының іске асырылуы	05.09 -20.10.2024	Б.Ахметниязова

9	Жаппай оқумен қамту	05.09 -20.10.2024	Г.Елеукенова
10	«Тіл туралы» заңды жүзеге асыру туралы	05.09 -20.10.2024	А.Кожахметова
11	Оқу жоспарларын бағдарламалық материалдарды орындау	05.09 -20.10.2024	Б.Ахметниязова
12	Оқу-әдістемелік жұмыстар	05.09 -20.10.2024	Б.Ахметниязова
13	Оқу-тәрбиелік жұмыстар	05.09 -20.10.2024	Г.Елеукенова
14	Мектептің материалдық техникалық базасының жабдықталуы	05.09 -20.10.2024	Т.Марденов
15	Медициналық қызмет жүйесі	05.09 -20.10.2024	А.Ахметова
16	Психологиялық қызметкер жұмысы	05.09 -20.10.2024	В.Аубакирова
17	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	05.09 -20.10.2024	У.Бегетаева
18	Мектептің өзін-өзі аттестаттау қорытындысы бойынша портфолио дайындау	05.09 -20.10.2024	Директордың орынбасарлары
19	Мектептің өзін- өзі аттестаттау қорытындысын дайындау	29.11.2024	Ш.Марденова

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы

1. Жалпы сипаттама

Мектептің құрылған жылы - 1987 жыл

Мектептің толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Естая» отдела образования Ақтоғайского района, управления образования Павлодарской области.

Мектептің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 140200, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жолболды ауылы, М.Әуезов көшесі, № 20.

Меншік түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме

Бүгінгі таңда мектеп өзінің білім беру қызметін төмендегідей құжаттар негізінде жүзеге асыруда:

- Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қаңтар № 2 қаулысымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;
- 2021 жылғы 14 қаңтар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 980940001875;
- 2021 жылы 03 наурызда берілген №KZ05LAA00025137 мемлекеттік лицензия.

Лицензиар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ88RVK00033047 хабарлама,

Лицензиар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ;

- Жер учаскесіне меншік құқығын. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт. Тіркеу туралы белгісі 2016 ж. 13 шілде №0296323, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 14-204-023-176
- 2004 ж 19 наурыздағы № 04/054 жылжымайтын мүлік және келісім туралы мемлекеттік тіркеу куәлігі, 2020 жылғы 27 мамырдағы

№ 002194899637 жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық сипаттамаларының өзгеруі туралы қорытынды;

- Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы, Павлодар облысының әкімшілігі, 2015 жылдың 12 наурыз №15004717 медициналық қызмет көрсетуге берілген мемлекеттік лицензиясы; алғашқы (дәрігерге) медициналық-санитариялық көмек және дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетуге лицензияға қосымша;

Лицензиар: Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы, Павлодар облысының әкімшілігі.

- Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №S.04.X.KZ67VWF00137856 05.02.2024ж.

Мектептің әкімшілік басқару құрамының өзгеруі

№	Әкімшілік Құрамы	2022-2023 оқу жылдары	2023-2024 оқу жылдары	2024-2025 оқу жылдары
1	Директорының м.а.	Марденова Шынар Азатовна	Марденова Шынар Азатовна	Марденова Шынар Азатовна
2	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Ахметноязова Ботагоз Кайырбаевна	Ахметноязова Ботагоз Кайырбаевна	Ахметноязова Ботагоз Кайырбаевна
3	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Каримова Айнур Кайыровна	Елеукенова Гульден Кайырбаевна	Елеукенова Гульден Кайырбаевна
4	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Марденов Талгат Булатович	Марденов Талгат Булатович	Марденов Талгат Булатович
5	Мектеп психологы	Аубакирова Виктория Николаевна	Аубакирова Виктория Николаевна	Аубакирова Виктория Николаевна

Кемшіліктер:

1.Дарынды оқушылармен жұмыстың жүйелі болмауы, педагогтердің және оқушылардың республикалық, облыстық деңгейдегі жетістіктерінің аздығы.

Шешу жолдары:

1. Мектепте негізгі пәндер бойынша мектепшілік олимпиадалар өткізу, дарынды оқушылармен сапалы жұмыс жасау, ғылыми жобаларға, сайыстарға жоспар бойынша жүйелі дайындық жүргізу.

Қорытынды:

Көрсетілген мәліметтердің талдауы негізінде мектептің даму және жылдық жұмыс жоспарларының арасында сабақтастық пен байланыс бар.

Мектептің негізгі жұмыс бағытының бірі-педагогтардың шеберлігін курстық қайта даярлаудан өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Мұғалімдер тұрақты құрамда жұмыс істейді. Ұжымда жағымды моралды-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Мектеп білім мен тәрбие беруде әр оқушыны дамытуда келесі бағыттарды ескерді:

- әр оқушының ақыл-ой, рухани, психологиялық, физиологиялық және білім қажеттілігін игеруге қолайлы жағдай жасау;
- жеке, психологиялық, физиологиялық, ұлттық, танымдық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың білім сапасын көтеру;
2. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі жұмысын нығайту;
3. Педагогтардың озық тәжірибе жұмысын тарату;
4. Ата-ана мен мектеп арасындағы тығыз байланысты жетілдіру.
5. 2024-2025 оқу жылында 12 сынып-жиынтық. Бастауыш сатыда -6 сынып. Негізгі сатыда-5 сынып. Жоғары сынып – 1 сынып. Оқу-тәрбие үрдісі 2 ауысымда ұйымдастырылған. Оқыту тілі – аралас.
2024-2025 оқу жылында жалпы саны – 83 оқушы, келесі сатылар бойынша бөлінді:

- Мектепке дейінгі сатыда 10 оқушы - 12%
- Бастауыш білім сатысында (1-4 сыныптар) 32 оқушы – 38%
- Негізгі сатыда (5-9 сыныптар) 35 оқушы – 42%
- Жоғары сынып (10-сынып) 6 оқушы - 7%

Нормативтік-құқықтық актілер келесі құжаттар негізінде іске асырылады: ҚР «Білім беру туралы» заңы, ҚР «Тіл туралы» Заңы, ҚР тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген орта мектептің оқу бағдарламалары, жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

Мектептің құжаттары, алфавиттік кітап, оқушылардың жеке іс-қағаздары, қатан есептегі құжаттар талаптарға сәйкес жүргізіледі.


1. Кадрлар құрамы

Білім сапасы педагогтардың сапалық құрамына байланысты анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жасаудың барлық нормативтік құжаттары толық, кадрлар құрамы бойынша бұйрықтар кітабы уақытымен толтырылған, жеке еңбек шарттары жасалынған, мұғалімдердің жеке іс-қағаздары, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары, мұғалімдердің курстан өтуінің перспективалық жоспары жасалынған. Кадрлар бойынша барлық есептер уақытында жасалып келеді.

Педагог кадрлардың құрамы «ҚР жалпы білім беру ұйымдарында қызметін ұйымдастыру тәртібі» туралы ережеге сәйкес, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға, педагогикалық шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді. Штаттық кестеге сәйкес мектеп педагог кадрлармен қамтамасыз етілген. Мектепте 29 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде жоғары білімді мұғалімдердің үлесі 86%-ды құрайды.

Мұғалімдердің 3 жылдық білім деңгейінің көрсеткіші


№	Көрсеткіштер	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
	Барлық мұғалімдер	31	30	29
1	Жоғары білімді	27/ 87%	26/87%	25/86%
2	Арнаулы орта	4/13%	4/13%	4/14%



Салыстырмалы талдауға сүйенсек, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында жоғары білімді педагогтар - 87%, арнаулы орта білімі бар педагогтар үлесі 13%-ды құрайды. 2024-2025 оқу жылында бұл көрсеткіш айтарлықтай өзгермеген, тек жоғары білімі бар педагогтар үлесі жоғары білімді 1 мұғалімнің отбасы жағдайына байланысты басқа білім мекемесіне ауысуының себебінен 1%-ға төмендеген.

Мұғалімдердің санаты бойынша 3 жылдық көрсеткіштері

№	Көрсеткішер	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Жоғары/педагог-зерттеуші	6/19%	3/10%	3/10%
2	Бірінші санат/ педагог-сарапшы	9/29 %	11/37%	11/38%
3	Екінші санат/ педагог-модератор	6/19%	9/30%	8/27%
4	Педагог	10/32%	7/23%	7/24%



2022-2023, 2023-2024 жылдарға қарағанда 2024-2025 жылы бірінші/педагог – сарапшы санаттағы мұғалімдер сапасының өскенін байқауға болады: 29%-дан 38%-ға дейін артқан. Ал жоғары/педагог-зерттеуші төмендеді, себебі 3 педагог жоғары санаттан педагог-сарапшы санатына ауысты. Педагог-модераторлар саны артты: 2023-2024 жылы 19%-дан 30%-ға өсті. Ағымдағы оқу жылы 3%-ға төмендеді. 1 мұғалім педагог-модератор санаттын иеленген. Мектептегі педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы және педагог—модератор санатындағы мұғалімдер 75%-ды көрсетіп отыр. Педагог санатындағы мұғалімдер - 24%, бұл аттестаттау мерзімі әлі келмеген жас мамандар және ППБ тестілеуінен қажетті балл жинай алмаған мұғалімдерді құрайды.

Жас мамандармен жұмыс

Оқу жылы	Барлығы	Келгені	Декреттік демалыста	Кетті
2022-2023	2	2	0	1
2023-2024	2	1	0	0
2024-2025	2	0	0	0

Естай орта мектебінде «Жас маман» мектебі жұмыс жасайды, жетекшісі Н.К.Билялова, биология пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші санатындағы ұстаз, еңбек өтілі 36 жыл. Қазіргі уақытта мектепте барлығы 3 жас маман жұмыс істейді. Д.Е.Каппасов – химия пәнінің мұғалімі, А.Р.Джакупова – бастауыш сынып мұғалімі, А.К.Марденова – мектепке дейінгі білім беру тәрбиешісі. «Жас маман» мектебінің жұмыс жоспары жас педагогтарға көмек беру мақсатында құрылып, жас мамандарға жеке көмек беруге жағдай жасау, ұзақ мерзімді жеке бақылауды іске асыруға бағытталған. Қазіргі уақытта тәлімгерлер бекітілген. Жас маманмен «Әдістемелік апталық» өткізіліп, «Өз білімін жетілдіру» атты практикалық семинар өткізілді. Мектеп әкімшілігі және тәлімгер тарапынан жас маманға сабақты тиімді ұйымдастыру, тиімді әдіс-тәсілдерді саралап алу жөнінде үнемі әдістемелік көмек көрсетіледі. Олар тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасады.

2024-2025 оқу жылының қараша айында «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасы негізінде құрылған жол картасын іске асыру бойынша мектептің жұмыс жоспарына сәйкес өсу нүктесінің қарқынды жұмыс жасайтын мектеппен өткізілген «Мұғалімнің кәсіби шеберлігі және табысты оқыту» тақырыбында өткен семинарда Д.Е.Каппасов «Заманауи цифрлық платформаларды сабақта қолдану» атты шеберлік сыныбын көрсетіп, тәжіриесімен бөлісті.

Ағымдағы 2024-2025 оқу жылында келген жас мамандар жоқ.

Педагог кадрлардың еңбек өтілі бойынша көрсеткіш

Оқу жылдары	Барлығы	3 жылдан төмен	3-8 жыл	9-16 жыл	17-20 жыл	20 жылдан аса
2022-2023	31	2/6%	7/22%	10/32%	5/16%	7/22%

2023-2024	30	1/3%	6/20%	12/40%	3/10%	8/26%
2024-2025	29	3/10%	3/10%	9/31%	6/20%	8/27%

2024-2025 оқу жылында педагогикалық өтілі бойынша 20 жылдан аса еңбек етіп келе жатқан 8 мұғалім. (2022-2023 - 7 , 2023-2024 – 8). Ал еңбек өтілдері 3 жылдан төмен педагогтар 10% -ды құрайды.

Педагог кадрларды аттестаттау үрдісі жоспарға сай жүргізіледі. Жылда аттестациялық комиссия отырысының хаттамасы жазылып, бұйрықтары шығарылып, журналға тіркеледі, біліктілік санаттарының куәліктері беріледі. Мұғалімдердің жеке іс-қағаздарына аттестаттау бұйрығы мен куәліктерінің көшірмесі салынған. Мектептегі педагог кадрларды аттестаттау талдауы олардың кәсіби құзіреттіліктерінің өскенін, жұмыстарының нәтижелілігін көрсетеді.

Мектептегі педагог кадрлармен жұмыстың негізгі мақсаты – педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету; мұғалімдер ұжымының сандық және сапалық құрамына талдау жасау, мұғалімдердің санатын және кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасау, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық жағдайды қалыптастыру, кадрлардың ағымын қадағалау.

Педагог кадрлармен жұмысты мақсатты және жүйелі ұйымдастыру мектептегі кадр мәселесін шеше білді. Нәтижесінде ұжымда жағымды психологиялық жағдай қалыптасқан. Мұғалімнің өз саласындағы инновациялар мен трендтерді қадағалауы, оқыту технологияларын таңдаудағы шеберлігі және өзінің педагогикалық қызметінде тиімді пайдалануы сәтті жүзеге асқан.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында комиссия мүшелері әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп жұмыстың түрлі формаларын қолданатындығы анықталды. Атап айтқанда, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік отырыстары, мұғалімдердің өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыстары, пән апталықтары, сонымен қатар ашық сабақтар, тәжірибе алмасу сабақтары, семинарлар ұйымдастыру және өткізу.

Комиссия мүшелері мектеп жұмысы жоспарының орындалуын тексеріп, педагогикалық кеңес отырыстары, практикалық семинарлар және кадрларды аттестаттау жұмысы мектептің перспективті жоспарымен сәйкес келетіндігін анықтады.

Педагогикалық кеңес хаттамалары тақырыпқа сәйкес, олардың өткізілу саны нормативтік талаптарға сай. Педкеңес шешімдері тіркеледі, олардың орындалуы мектеп әкімшілігімен бақыланады. Білім қызметкерлерінің кәсіби және үздіксіз дамуы, олардың білім берудің инновациялық технологияларын қолдану барысында озық дайындығы білім сапасын көтерудің басты шарты болып табылады.

Даму бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жоспарлы іс-шаралардың мектеп дамуымен сәйкестігі байқалды.

1.Нақты мониторинг талдауларының жасалуы белгілі бағыттарды анықтау бойынша қорытынды шығаруға мүмкіндік береді:

-ұстаздардың санатының деңгейі өсті;


-ұстаздардың кәсіби құзіреттілігінің өсуіне жағдай жасалынды;

-кәсіби қарым-қатынас процесіне белсенді қатысуға мотивацияны қалыптастырылды.

Педагогикалық ұжымның біліктілігін жетілдіру бойынша мәлімет

Мұғалімдердің біліктілігін арттырып отыру, кәсіби деңгейінің өсуіне жағдай жасау, педагогтерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, мектепшілік әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізу - мектеп әкімшілігінің негізгі міндеттерінің бірі. Курстық даярлықтан өткізу білім жүйесінің дамуының басым бағыттары мектептің жылдық жоспарына сәйкес, сондай-ақ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Павлодар филиалы мен ПШО білім жетілдіру курстарына сәйкес мектеп ұжымында мұғалімдер оқу-тәрбие үрдісінде бірегей жұмыс жасау үшін курстық даярлықтан өткен.

	2022 жылы	2023 жылы	2024 жылы
1.	6/19%	9/29%	7/23%



2022 жылы 6 педагог, 2023 жылы 9 педагог, 2024 7 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Мектепте 2 мұғалім біліктілігін арттыру курстарынан өткен жоқ: А.К.Марденова – жас маман, тәрбиеші. Ж.М.Кайырбай – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі (2018ж) бала күтіміне байланысты демалыста болуына байланысты курстан өткен жоқ. Қалған педагогтардың барлығы курстан өтті және алған білімдерімен, жаңалықтарымен әріптестерімен бөлісіп, оқу-тәрбие үрдісінде қолданады.

Сонымен қатар біз мектеп келесі мәселелерді алға қойды:

- Мектеп дамуының басым бағыттары бойынша бағдарлы-мақсатты іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

- Мектептің білім беру кеңістігін қалыптастыруда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды қамтамасыз ететін білім беру.
- Жағымды ахуал қалыптастыра отырып, педагогтардың шығармашылық құзіреттіліктерінің дамуына септігін тигізу, мектеп дамуындағы міндеттерді шешуде жеке жауапкершілігі мен еңбегінің маңызын арттыру.

2. Білім алушылардың контингенті

Мектеп оқушыларының негізгі контингенті - Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің балалары. Оқу-тәрбие үрдісі 2 ауысымда. Оқыту тілі – аралас.

2022-2023 оқу жылында 10 сынып жиынтығы (мектепалды даярлық сыныбын қоса алғанда):

- Мектепалды даярлық сыныбында - 4 оқушы, олардың ішінде 3 қыз бала
- 1-4 сыныптар – 31 оқушы, олардың ішінде 18 қыз бала
- 5-9 сыныптар - 26 оқушы, олардың ішінде 11 қыз бала
- 11 сынып – 4 оқушы, олардың ішінде 2 қыз бала.

2023-2024 оқу жылында 12 сынып жиынтығы болды (мектепалды даярлық сыныбын қоса алғанда):

- Мектепалды даярлық сыныбында 8 оқушы, олардың ішінде 5 қыз бала
- Бастауыш білім сатысы (1-4 сыныптар) 31 оқушы, (6 сынып жиынтығы), олардың ішінде 20 қыз бала;
- Негізгі сатыда (5-9 сыныптар) – 32 оқушы (5 сынып жиынтығы), олардың ішінде 14 қыз бала.

2024-2025 оқу жылында 14 сынып жиынтығы (мектепалды даярлық сыныптарын қоса алғанда):

- Мектепалды даярлық сыныбында - 10 оқушы, олардың ішінде 7 қыз бала
- 1-4 сыныптар – 32 оқушы, олардың ішінде 19 қыз бала
- 5-9 сыныптар - 35 оқушы, олардың ішінде 17 қыз бала
- 10 сынып – 6 оқушы, олардың ішінде 2 қыз бала.


Оқушылардың контингенті төмендегідей нәтижелер көрсетеді:

Оқитын оқушылардың саны:

2022-2023 оқу жылы – 65 оқушы;

2023-2024 оқу жылы – 71 оқушы;


2024-2025 оқу жылы – 83 оқушы.



2022-2023 оқу жылы оқушы саны – 65 болса, 2023-2024 оқу жылы 6 оқушыға көбейгенін, ал 2024-2025 оқу жылы 10 оқушыға көбейгенін байқауға болады, яғни оқушылар саны жылдан-жылға артқан.

Оқушылардың контингенті туралы сараптама

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Мектепалды сынып	4	8	10
1 сынып	4	7	9
2 сынып	11	5	7
3 сынып	8	11	5
4 сынып	8	8	11
5 сынып	11	7	7
6 сынып	3	11	10
7 сынып	5	3	10
8 сынып	6	5	3
9 сынып	1	6	5
10 сынып	0	0	6
11 сынып	4	0	0
Қорытынды	65	71	83



Оқушылар санының жылдық динамикасы

Көрсеткіштер	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025	
Сынып саны	13		15		19	
Мектепалды даярлық сынып	4	6%	8	11%	10	12%
Бастауыш сынып	31	47%	31	43%	32	38%
Негізгі орта буын	26	40%	32	45%	35	42%
Жалпы орта буын	4	6%	0	-	6	7%
Мектеп бойынша	65	100%	71	100%	83	100%

Жоғарыдағы кестеден 2022-2025 оқу жылдары аралығында сынып саны мен оқушы санының артқанын байқауға болады. Мектепалды даярлық сыныбында 6 оқушыға, бастауыш сыныпта 1 оқушыға, негізгі орта буында 9 оқушыға, жалпы орта буында 2 оқушыға көбейді. Жалпы мектеп бойынша 2022-2023 оқу жылы 65 оқушы болса (мектепалды даярлық сыныбын қоса алғанда), ал 2024-2025 оқу жылында 83 оқушы білім алады, яғни 18 оқушыға көбейді. Ал сыныптар саны 2022-2023 оқу жылы – 13, 2023-2024 оқу жылы – 15, 2024-2025 оқу жылы – 19.

Сыныптардың орташа толымдылығының 3 жылдық көрсеткіші

Көрсеткіштер			
Сыныптардың орташа толымдылығы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Мектепалды даярлық сыныбы	1	1	2
Бастауыш сынып	6	7	8
Негізгі орта буын	6	7	8
Жалпы орта буын	1	0	1

Сыныптардың орташа толымдылығының 3 жылдық көрсеткішіне келер болсақ, алдыңғы оқу жылдарымен салыстырғанда соңғы оқу жылы мектепалды даярлық сыныбы, бастауыш және негізгі орта буын сыныптарының саны артқанын байқауға болады.

Барлық мектеп жасындағы оқушылардың міндетті орта біліммен қамтылуы әкімшілік тарапынан бақылауда тұрады. Сабақ босататын оқушылар жоқ. Оқушыларды жалпы оқумен қамту директор жанындағы отырыста, әкімшілік отырыстарда жүйелі түрде қаралады.

Мектеп құжаттары нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Қатаң үлгідегі құжаттардың жүргізілуі куәлік, аттестатты есепке алу және беруді тіркеу үнемі бақылауда тұрады.

Мектептің алфавиттік кітабы нөмірленген, тігілген және директордың қолымен бекітілген. Алфавит кітабына оқушылардың келу, кету қозғалысы уақытында тіркеледі. Оқушылардың үлгерім табельдерін тіркеу журналы жүргізіледі. Оқушылардың қозғалыс есебі тоқсан сайын және оқу жылының соңында есепке алынады. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы жылына 2 рет қаралады, мәліметтердің бұйрық кітаптарына, алфавиттік кітап пен сынып журналдарына сәйкестігі тексеріледі.

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025	Барлығы
Келген оқушылар саны	2	6	-	8
Кеткен оқушылар саны	1	5	-	6

2022-2025 оқу жылы аралығында келген оқушылардың саны артты. Соңғы 3 жылда келген оқушылар саны – 8, кеткен оқушылар саны - 6.

Мектеп оқушыларының кету себептерінің талдауы

Оқушылардың кету себебі	Соңғы 3 жыл (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары)	
Қоныс аударуына байланысты (облыс, қала, республика, ТМД, ТМД-дан шеткері)	1	1%
Мектеп статусының өзгеруіне байланысты (гимназия, лицей)	-	-
Тұрғылықты жеріне байланысты мектепке баруы	5	7%
Өзге себептер	-	-
Жалпы білім б.ПТШ	-	-
Кешкі мектеп	-	-
Колледж	-	-
Бал.арн.мектепке дейінгі орындарға	-	-
Жалпы	6	8%

2022-2025 жылдар аралығында мектеп оқушыларының кету себептері - қоныс аудару және тұрғылықты жеріне байланысты мектепке баруы.

Мектеп оқушыларының келу себептерінің талдауы

Оқушылардың келу себебі	Соңғы 3 жыл (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары)	
Қоныс аударуына байланысты (облыс, қала, республика, ТМД, ТМД-дан шеткері)	8	11%
Мектеп статусының өзгеруіне байланысты (гимназия, лицей)	-	-
Тұрғылықты жеріне байланысты мектепке баруы	-	-
Өзге себептер	-	-
Жалпы білім б.ПТШ	-	-
Кешкі мектеп	-	-
Колледж	-	-
Бал.арн.мектепке дейінгі орындарға	-	-
Жалпы	8	11%

3 жылдық оқушылардың қозғалысын сараптай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады: осы аралықта 6 оқушы кетіп, 8 оқушы келді. Кестеде көрсетілгендей кету себептері: тұрғылықты жеріне байланысты мектепке баруы, қоныс аудару.

Кестеде көрсетілгендей келу себептері: қоныс аударуына байланысты (облысқа, қалаға, республикаға, ТМД, ТМД-дан шеткері) - 8 оқушы. 2022-2023 оқу жылы келген оқушы саны – 2, 2023-2024 жылы келген оқушы саны – 6. 2023-2024 оқу жылының жазғы кезеңінде 2 оқушы кетті, 3 оқушы келді. Жалпы жыл сайын оқушы контингентінің өскенін байқауға болады.

Оқушылардың үлгерімі туралы мәлімет

Оқу жылы	Жыл аяғындағы оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Сапа	Үлгерім
2022-2023	56	12	23	62%	100%
2023-2024	56	11	24	62%	100%
2024-2025	63	12	28	63%	100%

2022-2023 және 2023-2024 оқу жылында білім сапасы бір қалыпты. Ал 2024-2025 1-тоқсан қорытындысы бойынша 1%-ға артқан. 2022-2023 оқу жылында оқу үздіктері бастауыш сыныптарда – 8, негізгі орта буында – 3, жалпы орта білім беру – 1 оқушы; 2023-2024 оқу жылында – бастауыш сыныпта – 5, негізгі орта буында – 6; 2024-2025 оқу жылының 1 тоқсан қорытындысы бойынша бастауыш – 4, негізгі орта буын – 8 оқушы, яғни бастауышта оқу үздіктері саны азайып, ал негізгі орта буында керісінше көбейгенін байқауға болады.

Қорытынды: Педагогикалық ұжымда осы бағыт бойынша кемшіліктерді жою мәселесі талқыланды. Оқушы біліміндегі олқылықтарды анықтап, оларды жою жоспары жасалды. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына ерекше назар аудару қажеттілігі айтылды. Оқушылармен жүргізілетін коррекциялық жұмыстар, қосымша сабақ өткізу жұмыстары жоспарланды.

Әлді жақтары:

1. Аз қамтамасыз етілген отбасының балаларына қажетті киім, аяқ киім берілді және жазғы сауықтыру лагерлеріне баруын ата-аналардың өтініші бойынша уақытында қамтамасыз етілуі

Шешу жолдары:

1. Бастауыш сыныптардың білім сапасын арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның білім деңгейін жақсарту.

2.Мектеп әлеуетін көтеру үшін педагогикалық ұжымның білімін арттыруға жағдай жасау, әдістемелік көмек көрсету.

Мектепшілік бақылау

Оқу жылының басында жылдық жоспар, мектепшілік бақылау жоспары құрылды. Оқу жылы барысында төменде көрсетілген бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.Олар:

I.Мемлекеттік нормативтік құжаттар бөлімінде «ҚР Тіл туралы» Заңы, «Білім» туралы Заңының орындалуы, Тілдер айлығы, жалпыға білім беру айлығы, қауіпсіздік техникасы ережесінің орындалуы т.б.мәселелер.

II.Мектепшілік құжаттар бөлімінде: Іс-қағаздарының сауатты толтырылуы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, «Күнделік» электрондық журналы, оқушы дәптерлерінің, оқулықтарының тексерілуі мәселелері

III.Мемлекеттік стандарттың орындалуы: ББЖМ дайындық, негізгі пәндерден бақылау жұмыстарының орындалуы, 1,5 сыныптардың бейімделуі, жазба жұмыстарының орындалуы, пәндердің оқытылу жағдайы, профильдік оқыту, т.б. мәселелер

IV.Тәрбие үрдісінің сапасы, ҚР Рәміздеріне арналған іс-шаралар, жаз бағдарламасы, тәрбие жұмысының жоспарлануы, оқушылардың тамақтану жағдайы, кәсіптік бағдар беру, үйірме, секциялардың жүргізілуі, салауатты өмір салты, «Жас ұлан» өзін-өзі басқару жұмысы, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес, қиын балалар, демалысқа арналған жоспарлар т.б.

V.Мұғалімдердің кәсіби деңгейі: Жаңадан келген мұғалімдермен жұмыс, аттестаттаудан өтетін мұғалімдер, мұғалімдердің өз білімін жетілдіруі, пәндер апталығы, онкүндіктер, оқулар, дарынды балалармен жұмыс жағдайы т.б.

VI.Материалдық база Мектеп кабинеттерінің жабдықталуы, санитарлық-гигиеналық жағдайы, өрт қауіпсіздігі жағдайы. т.б. мәселелер қаралып, нәтижелері анықтамаларға толықтай жазылып, әдістемелік кеңесте, директордың жанындағы отырыстарда, педагогикалық кеңесте қаралып отырады.

р/с	Бақылау түрлері мен формасы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025
1	Тақырыптық	85	88	88
2	Құжаттарды тексеру	30	47	45
3	Баяндамалар	4	5	4
4	Фронтальды	33	15	15
5	Жеке-дара	5	25	10
6	Бақылау жұмысы	6	6	4
7	Сауалнама	2	6	4
8	Әңгіме	8	10	4

9	Бақылау	4	8	8
10	Жалпылама	10	18	20

Педагогикалық ұжым оқу жылына жоспарлаған барлық іс-шараларды өткізуде. Ұйымдастыру формалары мен әдістері қойылған міндеттерге сәйкес жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының орындалуы

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының орындалу барысы бақыланып, педкеңес, директор жанындағы отырыста қаралған. Қабылданған шешімдер «Тіл туралы» Заңның орындалу барысына негізделіп, жүзеге асырылып отырды. Мектептегі барлық іс-қағаздар мемлекеттік тілде жүргізіледі. ҚР мемлекеттік рәміздері стандарт талабына сай орналасқан.

Мектепте тіл пәндері бойынша 9 ұстаз еңбек етуде. Олардың 5-еуі қазақ тілі мен әдебиеті, 2-еуі орыс тілі мен әдебиеті мен 2-еуі ағылшын тілі мұғалімі. Оның ішінде педагог-зерттеуші – 2, педагог-сарапшы – 3, педагог-модератор – 4. Өз білімін жетілдіру мақсатында мұғалімдер былтырғы және биылғы оқу жылында қазақ тілі, ағылшын тілі және орыс тілі пәндерінен біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Пән бойынша оқушылардың білім сапасы: қазақ тілі –73%; орыс тілі-81%, ағылшын тілі-68% (2024-225 оқу жылы, 1-тоқсан). Мектепте тіл пәндері бойынша оқушылардың мемлекеттік стандартты меңгеруі, оқыту сапасы үнемі мектепішілік бақылауда. 2022-2023 оқу жылында қазақ тілі пәнінен білім сапасы-76%, орыс тілінен -81% , ағылшын тілінен-72%. 2023-2024 оқу жылында қазақ тілі-74, орыс тілі – 87, ағылшын тілі - 81%-ды құрады. Тіл пәндерінен білім сапасы жалпы 74%-ды құрайды.

Естай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің 2022 жылы Қазақстан Республикасының «ҚР-дағы тілдер туралы» Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, мемлекеттік тіл мәртебесін арттырып, қолданыста кеңейту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Сынып жетекшілері «Тіл -асыл мұра» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері «Бір ел -бір кітап» республикалық акциясы шеңберінде оқуға арналған А. Байтұрсынұлының ғылыми және әдеби шығармаларынан үзінді оқытып, мәнерлеп оқу сағаттарын және «Ахмет Байтұрсынұлы -дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбына арналған жалпықазақстандық диктант өткізді.

Бастауыш сынып мұғалімдері «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығармалар оқытып, тақырыптық, анимациялық фильмдер көрсетуді ұйымдастырды.

К.К.Елюбай «Үш тұғырлы тіл: артықшылықтары мен қиыншылықтары» мектепішілік пікірталас турнирін, «Ол -заманның ары, тағдыры» кітапхана сабағын кітапханашы О.А.Кривченко өткізді.

А.Т.Кожаметова, Т.Советхан 8-11 сынып оқушылары арасында «А.Байтұрсынұлының тіл мұраларының өміршеңдігі неде?» тақырыбында мектепішілік эссе (аргументативтік эссе) сайысын, Б.К.Ахметниязова, А.Б.Аралова 5-7-сынып оқушылары арасында мектепішілік Мұқағали, Мағжан оқуларын ұйымдастырды.Сайыс мақсаты ақиық ақынның өлеңдерін насихаттау, сөзден түйін түйетін ақынның жыр маржандарына оқушылардың ынта – жігерін арттыру болып табылады.Сайысқа қатысушы оқушылар өздерінің дайындап келген өлеңдерін мәнерлеп айтып шықты. Ақын туралы сұрақ – жауап, естеліктері мен сөздері жайлы өз ойларын ортаға салды. Сайыс өте қызықты өтті, балалар да өздерінің тапқырлығымен, шапшандығымен көзге түсті.

«Тілдер айлығы» аясында орыс тілі, ағылшын тілі мұғалімдері 5-6 – сынып оқушылары арасында интеллектуалдық сайыс өткізді.Сайыс барысында әр сынып қатысып, топқа бөлінді. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Сайыста оқушылар тіл пәндері бойынша өз білім - біліктерін сарапқа салды.

Тілдер айлығына оқушылар белсене қатысып, тілдің құдіретін танып, тұлғалық құзыреттіліктерін шыңдай білді. Жүргізілген іс-шаралардың білімділік, тәрбиелік мәні жоғары болды.Жоспар бойынша барлық іс-шаралар орындалып, аудандық газетке мақала, әлеуметтік желілерге материал жарияланды. Айлық соңында «Тіл – достықтың құралы» атты қорытынды фестиваль өткізілді.

2023-2024 оқу жылында қазақ тілінен білім сапасы 74%, орыс тілінен 87%, ағылшын тілінен 81%-ды құрады.Мектепте қыркүйек айында Тілдер мерекесіне байланысты бірқатар іс-шаралар өтті.Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тілім менің-тірлігімнің айғағы» атты сайыс сабақ (өткізген Б.К.Ахметниязова), «Мағжан Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы» арналған жалпықазақстандық диктант (Кожаметова А.Т.), «Бір ел -бір кітап» республикалық акциясы шеңберінде оқуға арналған А.Байтұрсынұлының ғылыми және әдеби шығармаларынан үзінді оқыту, мәнерлеп оқу сағаттарын өткізу (тіл пәндерінің мұғалімдері).

2024-2025 оқу жылы өткен іс-шаралар: оқу жылының басында Тілдер айлығы Тіл туралы заңның шығу тарихы, 5 қыркүйек тілдер күні аталуының себебін ашу, А.Байтұрсынов еңбегін зерделеуден басталды.

Кітапханашы У.М.Бегетаева «Тіл-халық мұрасы» атты көрме ұйымдастырды.5-9 сыныптар арасында «А. Байтұрсынов –тіл білімінің атасы» атты әдеби кеш, 5-7 сыныптар арасында «Сөздің көркі - мақал» атты сайыс өтсе (өткізген Т.Советхан), 9-сынып оқушылары «Тіл – достықтың құралы» тақырыбында қабырға газетін дайындады.10-сынып оқушылары «Б. Соқпақпаев –балалар жазушысы» атты эссе байқауына қатысты (А.Т.Кожаметова).Айлық аясында еліміздің тарихындағы танымал тұлғалардың, соның ішінде (Т.Рысқұловтың, А. Байтұрсыновтың, Б. Соқпақпаевтың тарихи еңбектері мен көркем шығармаларын зерделеу) бойынша жұмыстар атқарылды.

Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі, орыс тілі мен ағылшын тілі бірлестіктері белсенді жұмыс жасайды. Тіл пәнінің мұғалімдері үнемі әртүрлі кәсіби сайыс, семинар, конференцияларға белсене қатысып отырады. Ағымдағы жылдың қараша айында мектеп өткізген аудандық деңгейдегі семинарда қазақ тілінің мұғалімдері А.Т.Кожаметова 7-сыныпта ашық сабақ өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісті. Т.Советхан көрнекіліктер көрмесіне өзі әзірлеген жаңашыл көрнекілік құралдарын ұсынды.

Мектепте «Тіл туралы» Заңның орындалуына жағдай жасалып, жүзеге асқан. Мектепте 3 тіл кабинеті: 1 қазақ тілі, 1 ағылшын тілі және 1 орыс тілі кабинеттері бар. Жыл сайын кабинеттердің көрнекілік құралдары мен дидактикалық материалдары толықтырылып жаңартылады.

Оқу жылында мына бағыттарда жұмыс жасау керек:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оларды әдеби оқуларға қатыстыру; көркем әдебиет оқуға деген қызығушылықтарын тудыру, тіл мәдениетін дамыту, тілге деген құрметтерін арттыру.
- Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру бағытында дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу.

Оқушылардың білім сапасы

Білім беру сапасы жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, бағалау критерийлері, лабораториялық, практикалық, сарамандық, бақылау жұмыстары, өлшеуіштерінің болуы, қолдануы арқылы іске асырылады. Пән мұғалімдерінде барлық нормативтік құжаттар бар, олар мектепшілік бақылау, жылдық жоспар арқылы бақыланады, педагогикалық кеңесте, директор жанындағы отырыста, әдістемелік кеңесте оқушылардың білім сапасының деңгейі талқыланады. Оқушылардың білім деңгейін бағалауды бағалау критерийлерін қолдану арқылы, күнделікті сабақта, кіріспе, тоқсандық, жылдық, әкімшілік бақылау жұмыстары арқылы, оқушылардың үлгерімінің ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижесінің жинақ кестесі арқылы, тоқсан сайынғы сыныптар білімінің сапасы, ББЖМ нәтижесі арқылы қадағаланады. Мектеп оқушыларының білім сапасын келесі кестелер арқылы байқауға болады:

2022-2024 оқу жылдары мектеп бойынша білім сапасы мен үлгерім қорытындысының мониторингі

Оқу жылы	Жыл аяғындағы оқушылар саны	Үздіктер	Үлгерімі жақсы оқушылар	Сапа	Үлгерім
2022-2023	56	12	23	62,5%	100%
2023-2024	56	11	24	62,5%	100%

Сынып	2022-2023 оқу жылы				2023-2024 оқу жылы			
	Оқушы саны	Үздік	Озат	Сапа %	Оқушы саны	Үздік	Озат	Сапа %
1-4	26	8	8	61%	23	5	9	61
5-9	26	3	12	57%	33	6	15	63
11	4	1	3	100%	0	0	0	0
Жалпы	56	12	23	62%	56	11	24	62

Сынып	2024-2025 оқу жылы 1 тоқсан			
	Оқушы саны	Үздік	Озат	Сапа %
1-4	23	4	11	65%
5-9	34	8	14	64%
10	6	0	3	50%
Жалпы	63	12	28	63%

Оқушылардың білім сапасы мен үлгерім қорытындысының мониторингінде көрсетілгендей 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында жалпы мектептің білім сапасы бірдей көрсеткіште: 62,5%.

Бастауыш 1-4 сыныптарда білім сапасының көрсеткіші екі жылда өзгермеген: 61%-ды құраса, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 65%-ға көтерілгенін байқауға болады. Негізгі орта буында да 5-9 сыныптарда білім сапасының артқанын көруге болады: 2022-2023 оқу жылы - 57%, 2023-2024-63%, ағымдағы жылдың 1-тоқсанында 64%-ға артқан, яғни 7%-ға өскен.


Ал жоғары 11-сыныпта білім сапасы 2022-2023 оқу жылында - 100%. Осы жылы 11-сынып оқушысы Марадхан Әйгерім мектепті «Алтын белгімен» аяқтады. 2023-2024 оқу жылында жоғары буында оқушылар саны – 0. Ағымдағы жылы 10 қазақ сыныбы бар, 1-тоқсандағы білім сапасы - 50%. Мектептің жалпы білім сапасы - 63%, үлгерім-100%. Бұл білім сапасының көрсеткіші - мұғалімдердің жоғары біліктілігінің, кәсіби деңгейі мен тәжірибесінің нәтижесі және сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білу шеберлігі. Жалпы жылдан-жылға оқушы санының да өсуі мен білім сапасының да тұрақтылығы байқалады.

Әлді жақтары: Пән мұғалімдерінің, әсіресе жас мамандардың сабақ үрдісінде заманауи әдіс-тәсілдерді, білім платформаларын, цифрлық құралдарды

қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруы және сол арқылы білім сапасының да біртіндеп артуы.

Қазақ тілі пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші


Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	76%	100%	74%	100%	73%	100%



2022-2023 оқу жылының білім сапасы 76%, 2023-2024 оқу жылының білім сапасы 74%, ағымдағы жылдың 1-тоқсаны - 73%. Өткен оқу жылдарымен салыстырғанда 3%-ға төмендеді.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші


Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	74%	100%	75%	100%	72%	100%



2022-2023 оқу жылының білім сапасы 74%, 2023-2024 оқу жылының білім сапасы 75%, ағымдағы жылдың 1-тоқсаны - 72%.


Орыс тілі пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	81%	100%	87%	100%	81%	100%



Орыс әдебиеті пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	66%	100%	88%	100%	56%	100%




Орыс тілі пәні бойынша 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 81%, 2023-2024 оқу жылында 87%.Пән бойынша білім беру стандартын оқушылар меңгерген.Орыс тілі пәнінен оқушылардың қажеттілігіне сай тиімді әдіс-тәсілдерді, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын тиімді қолданып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу нәтижесінде жоғары сапаға қол жеткізілді.

Әлді жақтары: Оқушылардың тұрақты білім сапасы, олардың аудандық, облыстық деңгейдегі пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болуы

Әлсіз жақтары: Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығының төмендігі.

Шетел (ағылшын) тілі пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	72%	100%	81%	100%	68%	100%




Шетел тілінен білім сапалары әр жылы өзгеріп отырады: 2022-2023 жылы 72% болса, одан кейінгі жылы 9%-ға өскен.Ағымдағы оқу жылында 68%. Ағылшын тілі шетел тілі болғандықтан сыныптардағы жекелеген оқушыларға оны меңгеру қиынға соғады. Бірақ оқушылардың басым бөлігі стандарт талабы бойынша материал мазмұнын меңгерген.Ағылшын тілі мұғалімі цифрлық құралдар, интерактивті әдістер, АКТ және пәнге қатысты көптеген түрлі-түсті көрнекіліктер арқылы сабақты өте қызықты өткізіп, оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырады, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға тырысады.

Әлді жақтары: оқушылардың жылдан-жылға ағылшын тілі сабағына деген қызығушылықтарының артуы, сабаққа ынтасымен белсенді қатысуы, мұғалім мен оқушы арасындағы тиімді кері байланыс.

Әлсіз жақтары: оқушылардың пән олимпиадаларына, сайыстарға аз қатысуы.

Информатика пәнін оқытудағы білім сапасы

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	95%	100%	83%	100%	100%	100%




Ағымдағы жылы информатика пәнінің білім сапасы бұрынғы жылдармен салыстырғанда жалпы мектеп бойынша 17%-ға артты.

Әлді жақтары: Пән бойынша білім сапасының жылдан-жылға артуы.

Әлсіз жақтары: информатика кабинетіндегі компьютерлердің заманға сай жаңартылмағандығы, заманауи құрал-жабдықтардың аздығы, оқушылардың пән олимпиадаларына қатыспауы.


Математика (алгебра) пәнін оқытудағы білім сапасы

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	66%	100%	79%	100%	70%	100%



Геометрия пәнін оқытудағы білім сапасы

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	74%	100%	64%	100%	67%	100%



2022-2023 оқу жылы математика пәнінің білім сапасы 66% болса, 2023-2024 жылы 13%-ға өскен. Математика пәнінің мұғалімі К.К.Елюбай АКТ, интерактивті, цифрлық әдістерді сабақтарында тиімді қолданып, оқушылардың логикалық, математикалық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізеді.

Геометрия пәнінен білім сапасының 2023-2024 оқу жылында білім сапасы керісінше 10%-ға төмендеген.


Әлді жақтары: Пән мұғалімінің заманауи әдіс-тәсілдерді педагогикалық іс-әрекетінде тиімді қолдануы.

Әлсіз жақтары: Геометрия пәнінің кейбір бөлімдері мен тапсырмаларын меңгеруде оқушыларда туындайтын қиындықтар.

Осы мәселеге пән мұғалімі назар аударып, олқылықтарды жою бойынша жұмыстарды жоспарлады.

География пәнін оқытудағы білім сапасы

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	94%	100%	75%	100%	76%	100%




География пәнінің мұғалімі Д.Е.Каппасов жас маман болса да, өте ізденімпаз. Сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді, білім платформаларын тиімді қолдана біледі. Мектеп әкімшілігі тарапынан география сабағына қатысқан кезде оқушылардың айтылым дағдылары, өз ойларын жеткізе білу, оқу материалы бойынша мазмұндау мәселесі бірақ қиындық тудыратыны байқалды. Оқушыларға ойын платформалары, цифрлық құралдармен жұмыс жасау қиындық тудырмайды. Бірақ кейбір оқушылар өз ойларын ауызша толық жеткізе алмайды. Орыс сыныптарында пән мұғалімі М.А.Мартияненко көрнекілік әдісін өте тиімді пайдаланады.

Әлді жақтары: Оқушылардың тұрақты білім сапасы, жазбаша жұмыстарды сапалы орындау.

Әлсіз жақтары: Пән бойынша оқушылардың өз ойларын жүйелі жеткізбеуі, ғылыми жобалар мен олимпиадаларға аз қатысуы.

Химия пәнін оқытудағы білім сапасы

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	94	100	80	100	73	100




2022-2023 оқу жылы химия пәнінің білім сапасы 94% болса, мұның себебі 11-сыныптағы білім сапасының жоғары болуы. 2023-2024 жылы 80%, яғни 14%-ға төмендеген, себебі мұнда жоғары сыныптар жоқ, ал негізгі буын 7-сыныптарда жаңа пән болғаннан кейін меңгеруде қиындықтар туындады. Жалпы мектепте жабдықталған химия кабинеті бар. Оқушылардың үнемі пәнді қызығушылықпен оқығандықтан, білім сапасы тұрақты. Химия пән мұғалімі Д.Е.Каппасов оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің стратегияларын сабақта тиімді қолданатын жас маман.

Әлді жақтары: Білім сапасының тұрақтылығы, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, оқушылардың олимпиадаларға қатысуы

Физика пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	94	100	81	100	68	100




2022-2023 оқу жылында 94% болса, мұның себебі 11-сыныптағы білім сапасының жоғары болуы. Осы жылы 11-сынып оқушыларының тең жартысы 4-пән ретінде физиканы тандап, ҰБТ-де өте жақсы нәтиже көрсетті. «Алтын белгі иегері» де физика пәнін тандап, осы бағытта жоғарғы оқу орнына түсті. Пән мұғалімі Г.Е.Елеукенова физика сабағында интерактивті әдіс –тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта, зертханалық жұмыстарда түрлі оқыту әдіс-тәсілдерді тиімді қолданады.

Әлді жақтары: Пән мұғалімінің жаңа технологияларды тиімді қолдануы, ҰБТ жұмыстарына дайындықты сапалы әрі жүйелі жүргізуі.

Әлсіз жақтары: Пән бойынша олимпиадаға қатысатын оқушылардың аздығы

Биология пәні бойынша білім сапасының көрсеткіші

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	84	100	87	100	85	100




Биология пәні бойынша білім сапасы әр жылдарда жоғары. Пән мұғалімі Н.К.Билялова оқушылардың танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыра отырып, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруда жүйелі жұмыстар жүргізеді. 2024-2025 оқу жылында мектепке жаңа, заманауи құрал-жабдықтармен, интерактивті панельмен жабдықталған жаңа модификациялы кабинет қолданысқа берілді. Бұл оқушылармен бұдан да сапалы жұмыс жасауға, білім сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Әлді жақтары: Білім сапасының тұрақты, жоғары болуы

Әлсіз жақтары: оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысуының аздығы.


Қазақстан тарихы пәнінен білім сапасының көрсеткіші

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	79	100	87	100	78	100



Дүние жүзі тарихы пәнінен білім сапасының көрсеткіші

Сынып	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1-тоқсан	
	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
Жалпы	84	100	83	100	қорытылмайды	




Қазақстан тарихы пәні бойынша 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 79% болса, 2023-2024 оқу жылында 87%, яғни 8%-ға өскен. Пән мұғалімдері Г.К.Билялова, М.А.Мартияненко оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, сонымен қатар пән олимпиадаларына қатыстырып, нәтиже көрсетуде. Дүние жүзі тарихы пәнінен де білім сапасы жоғары.

Әлді жақтары: Білім сапасының тұрақты, жоғары болуы; пән мұғалімдерінің сабаққа тыңғылықты, сапалы дайындығы; негізі буын оқушыларының белсенділігі, пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарды иеленуі

Білім сапасы/Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы

<u>Білім сапасы %</u>	<u>2022-2023 оқу жылы</u>	<u>2023-2024 оқу жылы</u>
<u>Пайыздық көрсеткіш</u>	<u>63%</u>	<u>67%</u>
<u>Динамика</u>	<u>+1</u>	<u>+4%</u>



Жалпы мектептің 2 жылдық білім сапасын салыстырсақ, 2022-2023 оқу жылы 63% болса, 2023-2024 оқу жылы 67% екенін байқауға болады. Өсу динамикасы +4%.

Сыныптар бойынша білім сапасы

2024-2025 оқу жылы 1 тоқсан

Бастауыш сынып

Тоқсан	2А	2Б	3А	3Б	4А	4Б	Жалпы білім сапасы
I	60%	100%	75%	0%	85%	25%	57%

Негізгі орта және жалпы орта буын

Тоқсан	5А	6А	6Б	7А	7Б	8А	9А	9Б	10А	Жалпы білім сапасы
I	57%	83%	66%	57%	66%	33%	75	100	50%	65%

Ағымдағы жылдың 1-тоқсанындағы сыныптардың білім сапасына тоқталар болсақ, жоғары көрсеткіш көрсеткен сыныптар: бастауыш сыныптар: 2Б, 3А, 4А. Негізгі орта буын: 6А, 9А, 9Б. Ең төмен сапа көрсеткен сыныптар: 3Б, 8А.

Бұл сыныптар бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру, білім сапасын көтеру бойынша келесі жұмыстар жоспарланды:

- оқушылардың оқу үлгеріміндегі әлсіз түстары мен күрделі тақырыптарды анықтау; сол бойынша оқушылардың қызығушылықтарын арттыратын тапсырмалар құрастыру;
- оқыту уәждемесін арттыру үшін пәндік апталықтар жүргізу;
- қосымша сабақтар жүргізу;
- оқушылармен жеке жұмыс.

Зертханалар туралы мәлімет

Мектепте химия, физика, биология пәндерінің зертханалары бар. Физика зертханасы 2017 жылы жаңартылып толықтырылды. Сабақты талапқа сай сапалы өткізуге барлық жағдай жасалған. Химия зертханасында зертхана ыдыстарының саны, оқу жоспарының практикалық бөлімін орындауға зертханалық және тәжірибелік жұмыстарға арналған қажетті құрал-жабдықтар бар, бірақ жеткіліксіз. Химиялық реактивтер толықтыруды қажет етеді. Кабинетте интерактивті тақта, компьютер бар. Биология кабинеті мен зертханасы осы оқу жылының басында толықтай заманауи құрал-жабдықтармен толықтырылып, жабдықталды. Қазіргі заман талабына сай жиһаз, шкафтар, оқушылар партасы, мұғалімнің жұмыс орны толықтай жаңартылды. Зертханалық жұмыстар үшін барлық жағдай жасалған.

Барлық зертханаларда оқу материалдары бар, оқу-әдістемелік кешен жүйеленген.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Мақсаты: Оқушыларды ғылыми ізденушілікке деген қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін ашу, дамыту, ғылыми зерттеу әдістерін үйрету, шығармашылық тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

1.Оқушыларды тәрбиелеу олардың жан-жақты дамуын,еңбекке шығармашылық қатынасын, өмірлік, азаматтық белсенді позициясын қалыптастыруға және адамгершілік сапалары мен рухани құндылықтарының дамуына қарқынды ықпал ету, кәсіп таңдауда бағдар беру.

2. Белгілі сапа бойынша жаңа ғылыми ізденістермен оқушы жастарды таныстыра отырып, олардың ғылыми-өрісін тереңдету арқылы дүниетанымын кеңейту.

3.Мектеп оқушыларын ғалымдармен, оқымыстылармен таныстыру, күндерін ұйымдастырып, онда ғылыми-теориялық жағынан талдай білу

2023-2024 оқу жылының басында дарынды балалармен жұмыс жоспары құрылып, түрлі сайыстар мен конкурстар, пәндік олимпиадалар мен зерттеу жұмыстары, спорттық жарыстар, түрлі әдеби оқулардың мерзімі анықталып пән мұғалімдеріне ұсынылды.Олар оқушылардың икемі мен қызығушылығына қарай түрлі сайыстар мен жарыстарға оқушы дайындап, жетекшілік етті.Бүгінгі күні оқушыларымыз түрлі спорттық жарыстарда, пәндік олимпиадаларда, зерттеу жұмыстарында аудандық, облыстық, республикалық кезеңдерге қатысып, топ жарып жүр. 8 «А» оқушылары «Айқанат» олимпиадасында –Мамыр Ажар, Ақтас Маржан, Жәнібек Малика аудандық кезеңде жеңіп, облыстық кезеңге жолдама алды.

Аудандық математикалық турнир 3 «А» сынып оқушысы – Жәнібек Сұлтангерей 3 –орын, 2 «А» сынып оқушысы Қасқырбай Кәусар – 3 орын иеленді.Математика пәнінен республикалық «Кенгуру» ойын-олимпиадасының жүлдегерлері атанды, Шахмат лигасы аудандық кезең 8 «А» сынып оқушысы – Мамыр Ажар 1-орын, 6 «А» сынып оқушысы – Мамыр Ерасыл II орын –Мектеп оқушылары аудандық турнирде командалық есепте – 2 –орынға ие болды.

Аудандық Махамбет оқулары- Жәнібек Малика-3 орын, Мамыр Ажар-2 орын, Біләл Самира – Бас жүлдені иеленіп, облысқа жолдама алды.5-6 сынып оқушыларының пән олимпиадасында- Жәнібек Бақтыгерей Қазақстан тарихы пәні бойынша – 3 орын, Ахметнияз Айзере ағылшын тілі пәні бойынша – 2 орын.Естаева Адина орыс тілі пәні бойынша жеңімпаз атанып, облыстық кезеңге жолдама алды.7-8 сынып оқушылары олимпиадасының аудандық кезеңінде 7-сынып оқушысы Сағидолла Таир химия пәнінен 2 жүлделі орынға ие болды.Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың бастапқы кезеңіне 4 оқушы қатысты.

Әлді жақтары: жылдан-жылға пән олимпиадаларына қатысатын оқушылардың көбеюі, бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық сайыстарға белсенді қатысуы

Әлсіз жақтары: ғылыми жоба сайыстарынан нәтиженің аздығы, ғылыми жоба жазуға төселмеуі, тақырып таңдаудағы қиындықтың тууы; Абай, Мұқағали, Мағжан оқуларына қатысу белсенділігінің төмендігі.

**Естай атындағы жалпы білім беру мектебі бойынша
аудандық, облыстық, республикалық олимпиада, байқау-сайыстардың
нәтижесі**

Іс-шара атауы (олимпиада- сайыс)	2022		2023		2024	
	қатысу шы	жеңімпаз, жүлдегер	қатысу шы	жеңімпаз, жүлдегер	қатысу шы	жеңімпаз, жүлдегер
Аудандық кезең						
9-11-сынып оқушылары арасында 3 тілде өткізілген «Тіл – ұлт байлығы» атты аудандық эссе байқауы	2	I орын Марадхан Әйгерім				
«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы «Сөз шебері» бағытында	2	III орын Кеңес Наремжан	2			
Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген Абайдың қарасөздерін мәнерлеп оқудан аудандық байқауда 7-8-сыныптар арасында	1	II орын Ақтас Маржан		I орын Макульбекова Калима		

Зерде» аудандық кезеңі	1					II орын Ахметнияз Айзере
Аудандық жасөспірімдер олимпиадасын ың «Ағылшын тілі»			1			III орын Сагидолла Таир
Аудандық жасөспірімдер олимпиадасын ың «Биология пәні»				II орын Садриден Бекболат		
Аудандық жасөспірімдер олимпиадасын ың «Физика пәні»				III орын Мамыр Ажар		
Мың бала	2		1			
Аудандық «Жас қыран KIDS» сайысы	1		1		1	
Павлодар облысының 85 жылдығына орай өткізілген жылдам шахматтан аудандық лигасының 7-10 жас қыздар					3	
Павлодар облысының 85 жылдығына орай өткізілген жылдам шахматтан аудандық лигасының 11- 14 жас қыздар		I орын Ақтас Маржан		I орын Мамыр Ажар II орын Ақтас Маржан		
3-4 сынып оқушыларына арналған						III орын Жәнібек С.

математикалық турнир						Қасқырбай К.
Махамбет оқулары	2	III орын Кеңес Наремжан		I орын Білал Самира II орын Мамыр Ажар III орын Жәнібек Малика	2	
Облыстық кезең						
«Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Жас кемеңгер» «сырттай оқу мектебінің олимпиадасы	5		3	I дәрежелі диплом Мамыр Ажар (биология)	8	I дәрежелі диплом Сағидолла Таир (ағылшын тілі)
«Айқанат» олимпиадасы	2				3	
5-6 сынып оқушыларының олимпиадасы (орыс тілі)			4		1	
7-8 сынып оқушыларының олимпиадасы (химия)					1	
Махамбет оқулары					1	
Республикалық кезең						
«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	3		1	I орын Естаева А I орын		I орын Жәнібек Бақтыгерей